

**«ҚАЗАҚ ҰЛТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ  
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ**

КазҰКПУ ОӘК отырысында  
қарастырылды және бекітілді  
«25» ақпан 2025 ж. №2 хаттама

**ЖОБА**

**«Бастауыш білім жүйесіндегі инновациялық артпедагогика  
технологиялары» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының  
бағдарламасы**

Бағдарлама авторлары:  
п.ғ.к., қауымд.профессор м.а. Т.Б.Байназарова  
п.ғ.м., аға оқытушы Сейдуалиева А.Н.

**Алматы, 2025**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Жалпы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсының «**Бастауыш білім жүйесіндегі инновациялық артпедагогика технологиялары**» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) қазақ тілінде оқытатын жалпы орта білім беру ұйымындағы бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға арналған.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - КР) орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету және бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі бастауыш білім беру жүйесіндегі педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық және практикалық даярлықтың бірлігін, оның кәсіби біліктілігін сипаттайды.

## **2. Глоссарий**

1. Артпедагогика –өнер құралдары арқылы тәрбиелеу және білім беру туралы ғылым
2. Өнер – шындық дүниені көркемдік және бейнелі формалары арқылы беретін адам іс-әрекетінің бір түрі (музыка, кино, хореография, кескіндеме және т. б.)
3. Өнер түрлері – бұл тарихи қалыптасқан, шығармашылық іс-әрекеттің формалары, өмірлік мазмұнды көркемдік іске асыру қабілеті бар және оны материалдық бейнелеу тәсілдерімен ерекшеленеді (әдебиеттегі сөз, музыкадағы дыбыс, бейнелеу өнеріндегі пластикалық және колористикалық материалдар және т.б.).
4. Арттерапия (ағылш. art - "өнер" + терапия) - психотерапия мен психологиялық түзетудегі өнер мен шығармашылық терапиясында қолдануға негізделген бағыт.
5. Изотерапия- бейнелеу шығармашылығы, оның ішінде сурет салу терапиясы болып табылады.
6. Мәдени мұра- жалпы адамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігі, этнос, қоғам, адам парасатының дамуы мен құрылудының бастауы, тарихи естеліктердің маңызды қоймасы.
7. Фольклор – халық шығармашылығы
8. Поэзия – өлең үлгісіндегі әдеби туындылар, поэзия сөздің ырғактық құрылышына, үйқасына негізделеді. Поэзия ұғымы өлеңмен жазылған шығармаларды көркем прозадан ажырату үшін қолданылады.
9. Лирика (гр. λυρικός - «лираның үнімен орындалады, сезімтал, лирикалық») — көркем әдебиет жанрының бір, адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді.
- 10.Анимация (фр. animation - «тірілу; жандану») немесе мультфильм (латынша multiplicatio. — "көбейту, үлкейту, үлкейту, көбейту") — қозғалмалы кескіндердің иллюзиясын құрудың техникалық әдістері.

### 3. Бағдарлама тақырыптары

<b>I – Модуль.</b> <b>«Білім берудегі артпедагогиканың психологиялық-педагогикалық негіздері және нормативтік аспектілері»</b>	<p>- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.</p> <p>- «2022-2023 оку жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарында оқу-тәрбие процесін үйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы</li> <li>- «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;</li> <li>- Қосымша білім беру саласындағы тиімді реттеу үшін тиісті органдардың балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің ұлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту туралы өкілеттіктері айқындалды (тт. 7-1) ҚР «Білім туралы» Заңының 5 бабы).</li> <li>- Инклузивті білім беру бойынша нормативтік құқықтық актілер</li> </ul> <p>1.2. Артпедагогиканың философия мен эстетикаға, педагогика мен психологияға, көркем шығармашылықтың теориясы мен практикасына негізделуі.</p> <p>1.3. Артпедагогиканың жас ерекшеліктеріне, физиологиялық және психологиялық даму ерекшеліктеріне, қазіргі жалпы, дамытушылық және педагогикалық психология деректеріне, дидактика принциптеріне негізделуі.</p> <p>1.4. Артпедагогиканың принциптері: ізгілендіру принципі, шығармашылық принципі, рефлексивтілік принципі, интеграциялық принципі.</p> <p>1.5. Оқу-тәрбие үрдісінде артпедагогикалық технологияларды пайдаланудың тәрбиелік, дамытушылық, білім беру мүмкіндіктері.</p> <p>1.6. Артпедагогиканы зерттеген ғалымдар, әдіскерлер т.б. тұжырымдамалары.</p>
<b>II-модуль</b> <b>«Бастауыш білім берудегі инновациялық</b>	<p>2.1. <i>Ертегі</i> - бастауыш сынып оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу құралы ретінде</p> <p>2.2. Қазіргі лириканың бастауыш сынып оқушыларына тәрбиелеу, білім берудегі педагогикалық мүмкіндіктері</p>

<b>артпедагогикал ық технологиялард ың мазмұны»</b>	2.3.Бастауыш сынып оқушыларын <i>көркем әдебиет</i> шығармалары арқылы рухани- адамгершілікке тәрбиелеу
	2.4. <i>Teatr</i> және <i>драматургия</i> , олардың тәрбиелік мүмкіндіктері
	2.5. <i>Бейнелеу өнері</i> және <i>балалар шыгармашылығы</i>
	2.6. <i>Арттерапия</i> баланы мектепке бейімдеу құралы ретінде
	2.7. <i>Анимация</i> заманауи өнер түрі ретінде
	3.9. <i>Кино</i> заманауи өнер түрі ретінде
	2.8. Оқушы өміріндегі <i>теледидар</i> мен <i>компьютер</i>
	2.9. <i>Мерекелер</i> өнердің синтезі ретінде
	2.10. Көркемөнер педагогикасы саласындағы <i>жобалау - зерттеу қызметі</i> .
<b>III-модуль. «Бастауыш білім берудегі инновациялық артпедагогикал ық технологиялард ың практикалық аспектілері»</b>	3.1.Артпедагогика баланы мектепке бейімдеу құралы ретінде. Баланы мектепке бейімдеу үшін артпедагогиканың тиімді қолдану жолдарын әзірлеу
	3.2. Халықтық өнер балаларды этностар мәдениетімен таныстыру құралы ретінде. Халық өнерінің этностар мәдениетінде оқу-танымдық қызығушылығын қалыптастыру.
	3.3. Бала қолының ұсақ моторикасын дамытуға бейнелеу іс-әрекетінің әсерін ашу
<b>IV -модуль. «Рефлексия»</b>	4.1.Арттерапия әдістерін ұсыну
	4.2.ҚМЖ сабақ жоспарларын құрастыру
	4.3.Мини-проект әзірлеу
	4.4.Курс тындаушыларына сауалнама жүргізу

#### 4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

##### Мақсаты:

Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларымен жұмыс жасауда артпедагогикадан практикалық дағдылары мен біліктіліктерін кәсіби мүмкіндіктерін дамыту.

##### Міндеттері:

- бастауыш сынып мұғалімдерінің жалпы эстетикалық мәдениетін арттыру;
- білім беру үдерістерін психологиялық- педагогикалық түрғыда сүйемелдеудегі өнердің мүмкіндіктерімен, өнерді педагогикамен интеграциялау технологиясымен таныстыру.
- бастауыш сынып мұғалімдердің білім беру үдерісі контекстінде оларды тиімді пайдалануы үшін өнердің алуан түрлерінің (танымдық, коммуникативтік, құндылық-бағдарлық, әлеуметтік-тұлғалық,

- тәрбиелік) функционалдық мүмкіндіктері саласындағы теориялық білімдерін қалыптастыру;
- бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудегі нақты өнер туындыларының педагогикалық құндылықтарын талдаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру.

### **Күтілетін нәтиже:**

- бастауыш сынып оқушыларының жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып инновациялық артпедагогикалық технологиялардың мәні мен қолдану ерекшеліктерін білу;
- бастауыш сынып оқушыларының сынни және креативті ойлауын, коммуникациялық және командалық жұмыс дағдыларын дамытудағы артпедагогиканың педагогикалық мүмкіндіктерін ашу;
- оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық принципті дамыту мақсатында артпедагогикалық әдістер мен технологияларды қолдану, оқу-тәрбие үдерісі мен түзету жұмыстарын үйымдастыра білу;
- артпедагогикалық технологияларды саралау, оның бастауыш сынып оқушысының жеке басының дамуындағы тәрбиелік, оқыту, әлеуметтендіру, түзету жұмыстарындағы педагогикалық мүмкіндіктерін ашу;
- бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісіне енгізу мақсатында артпедагогикалық технологиялар кешенін сұрыптау;
- бастауыш білім берудің басым бағыттарын ескере отырып, көркемдік цикл пәндерін интеграциялау арқылы артпедагогикалық технологияларды беру үдерісіне енгізу.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Бағдарламаның құрылымы 4 модульден тұрады:

1. Білім берудегі артпедагогиканың психологиялық- педагогикалық негіздері және нормативтік аспектілері
2. Бастауыш білім берудегі инновациялық артпедагогикалық технологиялардың мазмұны
3. Бастауыш білім берудегі инновациялық артпедагогикалық технологиялардың практикалық аспектілері
4. Рефлексия

## **6. Оқу процесін үйымдастыру**

Біліктілікті арттыру курстары:

- 1) күндізгі оқыту Бағдарламаның 1-қосымшасында берілген оқутақырыптың жоспарына (әрі қарай - ОТЖ) сәйкес берілген. Курстың ұзақтылығы 80 сағатты құрайды. Бір апталық курсарды үйымдастыру үшін ОТЖ-да берілген сағаттар саны екі есеге қысқартылып, сабакты өткізу формалары мен тақырыптары өзгеріссіз қалдырылады.

2) осы бағдарламаға арналған курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес қашықтан оқыту және оқытудың екі кезеңін қамтиды: қашықтан (онлайн) – 40 сағат, дербес (оффлайн) - 40 сағат.

Күндізгі және қашықтан оқыту режимдерде білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын тәрбиелік іс-шараларды таныстыру, қорытынды тестілеу. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жобалық жұмыстар мен шағын іс-шаралар тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

Қашықтан оқытуды арнайы платформалар арқылы өткізуге болады:

- **Zoom** ([ссылка для скачивания](#), [ссылка для ознакомления с инструкцией к программе](#)).

Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: дәрістер, семинарлар, тәжірибелік сабактар, өзіндік жұмыс, оқутаныстыру, ғылыми-зерттеу, жобалау, үйірме, клуб, ғылыми семинарлар, конференциялар олимпиадалар, тренинг, шебер-сынып, дөңгелек үстел, кейс әдістері, бейнекоммуникациялар, мәселелерді талқылау, мәселені бірлесіп шешу, сонымен бірге, аралас оқыту режимінде вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары.

Кәсіби құзыреттіліктер шеңберіндегі қалыптастыруыш құзыреттіліктер: оқыту мазмұнын білуі, педагогика саласында білім мен біліктілігін тиімді қолдануы; стандарттық емес жағдайда әрекет жасай алуы, оқу-танымдық мәселелерді шешу тәсілдерін меңгеруі, мақсат қоюы, жоспарлауды, талдауды, рефлексия, өзіне өзі баға беруді жатады.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессорлық-оқытушылық құрамы бағдарлама мазмұнын игеру мен бағалау өлшемдерін жасайды және олар курстың ОӘК беріледі.

## **7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

### **Модуль 1: «Білім берудегі артпедагогиканың психологиялық-педагогикалық негіздері және нормативтік аспектілері»**

#### **Модульдің құрылымы**

Ұзақтығы – 4 сағат (дәріс-2 сағат, практикалық сабак -2 сағат)

#### **1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері**

**Мақсаты:** бастауыш білім берудегі артпедагогикалық технологиялар түрфысындағы нормативтік құжаттармен таныстыру, кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеру мақсатында артпедагогиканың психологиялық-педагогикалық аспектілерінен мағлұмат беру.

#### **Модульдің міндеттері:**

1. Білім берудегі артпедагогиканың нормативтік аспектілері бойынша мағлұмат беру;
2. Артпедагогиканың философия мен эстетикалық, педагогика мен психологиялық, көркем шығармашылықтың теориясы мен практикасын негіздеу;

3. Артпедагогиканың жас ерекшеліктерін, физиологиялық және психологиялық даму ерекшеліктерін, қазіргі жалпы, дамытушылық және педагогикалық психология деректерін, дидактика принциптерін қарастыру;
4. Артпедагогиканың принциптерін зерделеу;
5. Оқу-тәрбие үрдісінде артпедагогикалық технологияларды пайдаланудың тәрбиелік, дамытушылық, білім беру мүмкіндіктерін ашу;
6. Артпедагогиканы зерттеген ғалымдар, әдіскерлер т.б. тұжырымдамаларын талдау;

### **Модульдің қысқаша мазмұны**

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

- «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарында оқу-тәрбие процесін үйимдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: ІІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.

- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

- Қосымша білім беру саласындағы тиімді реттеу үшін тиісті органдардың балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту туралы өкілеттіктері айқындалды (тт. 7-1) ҚР «Білім туралы» Заңының 5 бабы).

- Инклюзивті білім беру бойынша нормативтік құқықтық актілер:

2. Артпедагогиканың философия мен эстетикаға, педагогика мен психологияға, көркем шығармашылықтың теориясы мен практикасына негізделуі; Артпедагогиканың жас ерекшеліктеріне, физиологиялық және психологиялық даму ерекшеліктеріне, қазіргі жалпы, дамытушылық және педагогикалық психология деректеріне, дидактика принциптеріне негізделуі; Артпедагогиканың принциптері: ізгілендіру принципі, шығармашылық принципі, рефлексивтілік принципі, интеграциялық принципі. Оқу-тәрбие үрдісінде артпедагогикалық технологияларды пайдаланудың тәрбиелік, дамытушылық, білім беру мүмкіндіктері. Артпедагогиканы зерттеген ғалымдар, әдіскерлер т.б. тұжырымдамалары.

### **Күтілетін нәтиже**

Курс сонында 1- модуль бойынша тыңдаушылар:

1. Бастауыш білім берудегі артпедагогикалық технологиялар түрғысындағы нормативтік құжаттар туралы мағлұмат алады;
2. Кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеру мақсатында артпедагогиканың психологиялық-педагогикалық аспектілерін талдап, саралайды.
3. Оқу-тәрбие үрдісінде артпедагогикалық технологияларды пайдаланудың тәрбиелік, дамытушылық, білім беру мүмкіндіктерін ашады;

## **Модуль 2: «Бастауыш білім берудегі инновациялық артпедагогикалық технологиялардың мазмұны»**

Ұзақтығы - 64 сағат (дәріс - 2 сағат, практикалық жұмыс – 24 сағат, тренинг - 24 сағат, КТС – 8 сағат, шағын–сабак, жоба қорғау – 4 сағат, тестілеу – 2 сағат)

### **1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері**

**Модульдің мақсаты** — Бастауыш білім берудегі инновациялық артпедагогикалық технологиялардың мазмұнын ашу;

#### **Модульдің міндеттері:**

1. Ертегі, лирика, көркем әдебиет шығармаларының артпедагогикалық мүмкіндіктерін ашу;

2. Арттерапия, бейнелеу өнері, балалар шығармашылығы, мерекелер мен жобалау әрекетінің дамытушылық әлеуеті;

3. Театр, драматургия, анимация, кино, теледидар мен компьютердің ролі;

### **2) Модульдің қысқаша мазмұны**

Ертегі - бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу құралы. Қазіргі лириканың бастауыш сынып оқушыларына тәрбиелеу, білім берудегі педагогикалық мүмкіндіктері. Бастауыш сынып оқушыларын көркем әдебиет шығармалары арқылы рухани- адамгершілікке тәрбиелеу. Театр және драматургия, олардың тәрбиелік мүмкіндіктері. Бейнелеу өнері және балалар шығармашылығы. Арттерапияны баланы мектепке бейімдеу құралы ретінде. Анимация мен киноны заманауи өнер түрі ретінде. Бастауыш сынып оқушыларына теледидар мен компьютердің тиімділігі. Мерекелер өнердің синтезі ретінде. Артпедагогика саласындағы жобалау жұмыстары.

#### **Күтілетін нәтижелер:**

##### **1) біледі:**

- қазіргі лириканың бастауыш сынып оқушыларына тәрбиелеу, білім берудегі педагогикалық мүмкіндіктерін анықтайды;
- бастауыш сынып оқушыларын көркем әдебиет шығармалары арқылы рухани- адамгершілікке тәрбиелеу жолдарын таңдайды;
- арттерапияны баланы мектепке бейімдеу құралы ретінде үйренеді;
- бастауыш сынып оқушыларына теледидар мен компьютердің тиімділігін айқындауды;
- артпедагогика саласындағы жобалау жұмыстарын саралайды.

##### **2) қолданады:**

— артпедагогикалық әдістерді салыстыра отырып, оларды тиімді пайдалануды анықтайды;

— бастауыш сынып оқушыларын көркем әдебиет шығармалары арқылы рухани- адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталған тапсырмаларға мысал келтіреді;

— бастауыш білім берудегі артпедагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың шығармашылығын дамытуға бағытталған тәсілдерді сипаттайтынын анықтайды;

— өз мүмкіндіктерінің сәйкестілігі, жоспарды жүзеге асыру бойынша шарттарды анықтап, іс-әрекет стратегиясын таңдап, өзін-өзі жетілдіру бойынша іс-әрекет құралын қолданады;

##### **3) менгереді:**

- кәсіби зерттеу іс-әрекеті туралы білімдер жүйесін менгереді;

### **Модуль 3: «Бастауыш білім берудегі инновациялық артпедагогикалық технологиялардың практикалық аспектілері»**

#### **Модульдің құрылымы**

ұзақтығы – 8 сағат (практикалық жұмыс – 4 сағат, тренинг – 4 сағат)

##### **1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері**

**Модульдің мақсаты:** артпедагогикалық технологиялар негізінде бастауыш білім берудегі практикалық дағдыларды менгерту;

##### **Модульдің міндеттері:**

1. Бастауыш білім берудегі артпедагогикалық технологиялардың практикалық дағдыларын менгерту;

2. Шағын спектакльдің сипаты мен кейіпкерлерін анықтап отырып оны құрастыру;

3. Бастауыш сыныптағы изотерапевтикалық әдістерді көрсету;

4. Зерттеудің өзектілігін, мақсатын, объектісін, болжамы мен міндеттерін анықтай отырып, шағын жобаның презентациясын дайындау.

##### **Модульдің қысқаша мазмұны**

Артпедагогика баланы мектепке бейімдеу құралы ретінде. Артпедагогиканың тиімді қолдану жолдары. Халықтық өнер - оқушыларды этностар мәдениетімен таныстыру құралы. Ертегінің негізгі идеясы мен құрылымын құрастырып, қойылым сюжетті көрсету. Шағын спектакль құрастыру. Қойылым барысында спектакльдің сипаты мен кейіпкерлерін анық жеткізу. Әртістік пен педагогикалық шеберлікті көрсету. Диатипия, монотипия, екі түспен сурет салу, көрінбейтін сурет т.б. изотерапевтикалық әдістерді көрсету. Шағын жобаның презентациясын дайындау: көркемдік педагогика саласындағы шағын жобаға тақырып тандау. Зерттеудің өзектілігін, мақсатын, объектісін, болжамы мен міндеттерін анықтау. Шағын жобаның презентациясын дайындау.

##### **Күтілетін нәтижелер:**

Модуль бойынша тыңдаушылар:

1. Баланы мектепке бейімдеуде артпедагогиканы тиімді қолданады.

2. Ертегінің негізгі идеясы мен құрылымын құрастырып, қойылым сюжеттің көрсетеді.

3. Шағын спектакльді құрастырып, қойылым барысында спектакльдің сипаты мен кейіпкерлерін анық жеткізеді.

4. Әртістік пен педагогикалық шеберліктерін көрсетеді.

5. Диатипия, монотипия, екі түспен сурет салу, көрінбейтін сурет т.б. изотерапевтикалық әдістерді пайдаланады.

6. Шағын жобаның презентациясын дайындайды: көркемдік педагогика саласындағы шағын жобаға тақырып тандалап, зерттеудің өзектілігін, мақсатын, объектісін, болжамы мен міндеттерін анықтайды. Шағын жобаның презентациясын ұсынады.

5. Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс өзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция

өткізу, Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау т.б. платформалар арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын менгереді.

#### **Модуль 4: «Рефлексия»**

##### **Модульдің құрылымы**

Ұзақтығы – 4 сағат (таңдау бойынша сабак – 4 сағат)

##### **1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері**

**Модульдің мақсаты:** бағдарлама мазмұны бойынша курс барысында тыңдаушыларға қыындық туғызған мәселелерді анықтау, қолдау көрсету.

##### **Модульдің міндеттері:**

1. Тыңдаушыларға қыындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау.

2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамуына бағыт-бағдар беру.

##### **2) Модульдің қысқаша мазмұны**

Курс соңында тыңдаушылардың белсенділігін арттыру мақсатында: «Күтілетін нәтижелер стикерлері», «10 қажетті сөз», «Блок сызба», «1 минуттық аргумент», «Еркін микрофон», «Сәйкестендіру кестесі», «Қос күнделік», «Жеке жұмыс», «Венн диаграммасы», «Бастаймын. Жалғастырамын. Аяқтаймын», «Инсайт форум», «БББ» кестесі, «Оқы, ойлан, жүппен бөліс», «Жоба жасау», «Өзара тексеру», «Менен-сұрақ, сізден-жауап», «Кері дизайн», «Блиц сұрақ», «РАФТ», «Кластер», «Т кестесі», «Идеялар себеті», «Кейс жинау», «Моделдеу», «Инсерт», «Фишбоун», «Өрмекші», «Постерлер галереясы» және тағы басқа қазіргі танда кеңінен қолданылатын әдіс-тәсілдер мен түрлі бағалау стратегияларын қолданылып, практика жүзінде көрсету.

##### **3) Күтілетін нәтижелер:**

Бағдарлама аясында қыындық тудыратын сұрақтарды анықтайды, талқылайды. Пән мән мәтіні бойынша кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді.

#### **Оқу-тақырыптық жоспары**

#### **Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Тақырыбы	Ләпіс	Тандау бойынша сабак	Практикалық жұмыс	Гренинг	КТС	Шағын-сабак презентация	Тестілеу	Барлығы
1	I – Модуль.	2	2						4

	<b>«Білім берудегі артпедагогиканың психологиялық- педагогикалық негіздері және нормативтік аспектілері»</b>						
1.1	<p>1.1.1. Артпедагогиканың философия мен эстетикаға, педагогика мен психологияға, көркем шығармашылықтың теориясы мен практикасына негізделуі.</p> <p>1.1.2. Артпедагогиканың жас ерекшеліктеріне, физиологиялық және психологиялық даму ерекшеліктеріне, қазіргі жалпы, дамытушылық және педагогикалық психология деректеріне, дидактика принциптеріне негізделуі.</p> <p>1.1.3. Артпедагогиканың принциптері: ізгілендіру принципі, шығармашылық принципі, рефлексивтілік принципі, интеграциялық принципі.</p> <p>1.1.4. Оқу-тәрбие үрдісінде артпедагогикалық технологияларды пайдаланудың тәрбиелік, дамытушылық, білім беру мүмкіндіктері.</p> <p>1.1.5. Артпедагогиканы зерттеген ғалымдар, әдіскерлер т.б. тұжырымдамалары.</p>	1	1				2
1.2	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.</li> <li>- «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: ҰІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.</li> <li>- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы</li> <li>- «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;</li> <li>- Қосымша білім беру саласындағы тиімді реттеу үшін тиісті органдардың балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен</li> </ul>	1	1				2

	білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту туралы өкілеттіктері айқындалды (тт. 7-1) КР «Білім туралы» Заңының 5 бабы). - Инклузивті білім беру бойынша нормативтік құқықтық актілер								
<b>2</b>	<b>II-модуль.</b> <b>Бастауыш білім беру жүйесіндегі инновациялық артпедагогикалық технологиялардың мазмұны</b>	<b>2</b>	<b>24</b>	<b>24</b>	<b>8</b>	<b>4</b>	<b>2</b>	<b>64</b>	
2.1	<i>Ертегі</i> - бастауыш сынып оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу құралы ретінде	1		1					<b>2</b>
2.2	Қазіргі лириканың бастауыш сынып оқушыларына тәрбиелеу, білім берудегі педагогикалық мүмкіндіктері			1					<b>1</b>
2.3	Бастауыш сынып оқушыларын <i>көркем әдебиет</i> шығармалары арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелеу			1	1				<b>2</b>
2.4	<i>Teatr</i> және <i>драматургия</i> , олардың тәрбиелік мүмкіндіктері	1		1	1				<b>3</b>
2.5	<i>Бейнелеу өнері</i> және <i>балалар шығармашылығы</i>				2				<b>2</b>
2.6	<i>Арттерапия</i> баланы мектепке бейімдеу құралы ретінде			6	6	2			<b>14</b>
2.7	Арттерапия әдісінің өзіндік ерекшеліктері			2	2	1			<b>5</b>
2.8	Арттерапияның психотерапиялық әсер етуші факторлары			2	2	2			<b>6</b>
2.9	Ерекше қажеттіліктері бар балалармен жүргізілетін арттерапиялық сабактар					4	2		<b>6</b>
2.10	<i>Анимация</i> заманауи өнер түрі ретінде			2	1				<b>3</b>
2.11	<i>Кино</i> заманауи өнер түрі ретінде			4	4	2			<b>10</b>
2.12	Оқушы өміріндегі <i>теледидар</i> мен <i>компьютер</i>			2	2	1			<b>5</b>
2.13	<i>Мерекелер</i> өнердің синтезі ретінде			2	2				<b>4</b>
2.14	Көркемөнер педагогикасы саласындағы жобалау -зерттеу қызметі.				1				<b>1</b>
<b>3</b>	<b>3-модуль. Бастауыш білім беру жүйесіндегі инновациялық артпедагогикалық технологиялардың практикалық аспектілері</b>		<b>4</b>	<b>4</b>					<b>8</b>
3.1	Артпедагогика баланы мектепке бейімдеу құралы ретінде. Баланы мектепке бейімдеу үшін артпедагогиканың тиімді қолдану жолдарын әзірлеу			1	1				<b>2</b>

3.2	Халықтық өнер балаларды этностар мәдениетімен таныстыру құралы ретінде. Халық өнерінің этностар мәдениетінде оқутанымдық қызығушылығын қалыптастыру.			1	1				2		
3.3	Бала қолының ұсақ моторикасын дамытуға бейнелеу іс-әрекетінің әсерін ашу			2	2				4		
<b>4</b>	<b>Модуль 4. Рефлексия</b>			<b>4</b>					<b>4</b>		
4.1	Арттерапия әдістерін ұсыну			2					2		
4.2	ҚМЖ сабак жоспарларын құрастыру, мини-проект әзірлеу, курс тындаушыларына саулнама жүргізу			2					2		
<b>Барлығы:</b>				<b>4</b>	<b>4</b>	<b>30</b>	<b>28</b>	<b>8</b>	<b>4</b>	<b>2</b>	<b>80</b>

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут

### Қашықтан оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Қашықтан оқыту 40 сағат				Өзіндік оқу 40 с.	Барлығы
		Дәріс	Тренинг	Онлайн-кенес	Вебинар	Онлайн-форум	
<b>1</b>	<b>I – Модуль.</b> <b>«Білім берудегі артпедагогиканың психологиялық- педагогикалық негіздері және нормативтік аспектілері»</b>				<b>4</b>		
1.1	1.1.1. Артпедагогиканың философия мен эстетикаға, педагогика мен психологияға, көркем шығармашылықтың теориясы мен практикасына негізделуі. 1.1.2. Артпедагогиканың жас ерекшеліктеріне, физиологиялық және психологиялық даму ерекшеліктеріне, қазіргі жалпы, дамытушылық және педагогикалық психология деректеріне, дидактика принциптеріне негізделуі. 1.1.3. Артпедагогиканың принциптері: ізгілендіру принципі, шығармашылық			2			2

	<p>принципі, рефлексивтілік принципі, интеграциялық принципі.</p> <p>1.1.4.Оқу-тәрбие үрдісінде артпедагогикалық технологияларды пайдаланудың тәрбиелік, дамытушылық, білім беру мүмкіндіктері.</p> <p>1.1.5.Артпедагогиканы зерттеген ғалымдар, әдіскерлер т.б. тұжырымдамалары.</p>						
1.2	<p>- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрігіне 2-қосымша. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.</p> <p>- «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарында оқу-тәрбие процесін үйимдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: ҮІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.</p> <p>- «Педагог мәртебесі туралы»Қазақстан Республикасының Заңы</p> <p>- «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;</p> <p>- Қосымша білім беру саласындағы тиімді реттеу үшін тиісті органдардың балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту туралы өкілеттіктері айқындалды (тт. 7-1) ҚР «Білім туралы» Заңының 5 бабы).</p> <p>- Инклюзивті білім беру бойынша нормативтік құқықтық актілер</p>		2				2
2	<b>II-модуль.</b> <b>Бастауыш білім беру жүйесіндегі инновациялық артпедагогикалық технологиялардың мазмұны</b>	2	26	2		36	66
2.1	<i>Ertегі</i> - бастауыш сынып оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу құралы ретінде	2	2				4
2.2	Қазіргі лириканың бастауыш сынып оқушыларына тәрбиелеу, білім берудегі		1			2	3

	педагогикалық мүмкіндіктері						
2.3	Бастауыш сынып оқушыларын <i>көркем әдебиет</i> шығармалары арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелеу		1			2	3
2.4	<i>Teatr</i> және <i>драматургия</i> , олардың тәрбиелік мүмкіндіктері	2				2	4
2.5	<i>Бейнелеу өнері</i> және <i>балалар шығармашылығы</i>	1				2	3
2.6	<i>Арттерапия</i> баланы мектепке бейімдеу куралы ретінде	3				10	13
2.7	Арттерапия әдісінің өзіндік ерекшеліктері	1				2	3
2.8	Арттерапияның психотерапиялық әсер етуші факторлары	3				3	6
2.9	Ерекше қажеттіліктері бар балалармен жүргізілетін арттерапиялық сабактар	1				2	3
2.10	<i>Анимация</i> заманауи өнер түрі ретінде	3				3	6
